

бірі – мемлекеттік тілді жан – жақты дамытуға бысты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал. Қазақ тілінің құдіреті, байлығы, нәзіктігі, бейнелілігі, тереңдігі, ойнақылығы туралы ғажап пікірлер мен ой-орамдарына мән беріп көрейікші. Қазақ деген қабілетті халықтың тіліне В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.И.Ильминский, А.Янушкевич сияқты зерттеушілер аса зор баға берсе, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты алыптарымыз ана тілін аяқасты етпеді, тілге ізгілік тұрғысынан қарауды өсиет еткен.

Қазақ тілі – елдің қазынасы. Тіл – көңілдің бұлағы, ой – қоңырауы. Екі сөзінің бірінен мақалы мен өсиеті қалмайды. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Өлмейтін өсиетті естіген кеуде еріксіз тулайды. Ол қасиетті қазақ тілінің құдіреті. Суға салса, батпайтын, адуын ағысқа ақпайтын, мәңгілік мағынасы мен бояуын сақтайтын, саналы сүйсіне жаттайын сөз жәннаты. Өсиет – тамырын терең жайған киелі мама ағаш. Отқа жақса сөнбеген, жалынын таптаса, күлі сөйлеген, тасты балқытып, темірді илеген қызыл тіл. Тектілігі тұлғасын сомдаған, қуанышы-қайғысын қара өлеңмен толғаған, көктің сырын ұғып, шөптің тілін білген, шеніне қарай шапан киген ел. Кешегі киіз үйде туып, жез самаурынның иісі сіңген, қаймақ қатқан шайын ішіп, таңдап тұлпар мінген қазақтың бүгінгі ұрпағы, ұясын ұшпаққа салғаны анық. Маңдайына жаһандану дәуірінің бағы бұйырып, жайлы жатын, қарыны тоқ, киімі бүтін, ұйқысы тыныш, жоқшылықтың дәмін сезбеген, білімді тегін алса да, аяғының астынан арыны көрмейтін, өткенін біле бермейтін буын қалыптасты. Бірақ, бойында ұлттық рух, таза қаны бар ұрпаққа үрке қарап, кінә арту әбестік. Бұл өзіміз жіберген ұлттық тәрбиенің осалдығы екенін мойындауымыз керек. Әр бір дүниеге келген қазақ баласы- қазақша сөйлеп бел тіктемей, өзге ұлттың өкілдері мемлекеттік тілдің қадірін ұғынбай, ішкен судың, татқан дәмнің, туған жердің салмағын ұғына алмайды.

Ана тілді жетік меңгермеген ұрпақ, қазақы мінездің қадірін аяқ асты етеді. Мұның өзі ел ішіндегі мысық тілеулес топтардың бел алуына ықпал етеді. Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын бағаламайды. Ұрпақтың өмірлік танымы түбегейлі өзгеріп, адасқанын аңғармай қалатын тұсы осы. Туған елінің, өскен ортаның тектілігіне көзін жеткізе білген жан, ешқашан аңғалдыққа жол бермеген болар еді. Ата тарихты айызы қанып жетік білген қаны таза әр қазақ, « Мен қазақ болып туғанымға қуанамын », -деп мақтанышпен жар салып жатса, шіркін! Қазақ тілі дәл сондай сезімге лайықты тіл! Менің жүрегім үнемі осындай мақтанышпен соғады. Әр қазақ жалғызым деп ана тілін аяласа, елдің мәртебесі асқақтап, өсері көбейеді, ұрпақтың жұлдызы биікте маздамайды. « Аруана ботасын ерітеді, ботасы өскен соң, анасын ерітеді», -деп анасы көкжал, алмас қылыш Әйтеке би бабам бекер айтпаған.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейміз.

Ендеше, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Орталық Қазақстан» газеті. 2009 жыл
2. Ашық сабақтар сайты.

*Жарылғапов Ж.Ж., ф.ғ.д., профессор,
Кенешова Л., магистрант,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қылаудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік!
Әлихан БӨКЕЙХАН

XX ғасыр басындағы саяси қайраткерлеріміздің қоғамдық қызметі туралы шындықты айтуға тек тәуелсіздік жылдары ғана мүмкіндік туды.

Ұзақ жылдар бойы Әлихан Бөкейхан және де Алаш көсемдері ресми насихат бойынша кеңес өкіметі мен халық жауы, контрреволюцияшыл-ұлтшылдар, ретінде қараланып келді. Алашорданың күллі әлеуметтік-саяси бағдарламасы тек коммунистік-кеңестік идеология тұрғысынан бұрмаланып қана қоймай, оның көсемдерінің шығармалары жойылып, аты-жөндерін атауға тыйым салынды.

Соның бірі қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сұңғыла саясаткер, қазақтан шыққан тұңғыш абайтанушы, қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген қазақтың тұңғыш ғалымы, жазушы этнограф, халқымыздың еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін із қалдырған азамат - Әлихан Нұрмұханбетұлы Бөкейхан.

Әлихан Нұрмұханбетұлы Бөкейхан бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысына қарасты №7 ауылда дүниеге келіпті. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елді мекен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы «Қаратал» ауылына қарайды. 1990 жылы шыққан Қарағанды облысына арналған энциклопедияда Әлекеңнің туған жылы 1866 жыл деп көрсетілген. Әлиханның әкесі Нұрмұхамед, анасы Бегімханым оқу-білімге жақын адамдар.

Әлекеңнің балалық, жастық шағы, шәкірттік жылдары ежелгі қала Қарқаралы тарихымен тығыз байланысты. Алғашында ол Қарқаралыда молдадан мұсылманша дәріс алады. Арада екі жыл өткен соң 9 жасында орысша оқуға түсіп, содан интернатта жатады. Жалпы, Әлихан Қарқаралыда жеті жыл оқып, оған қалалық училищені тәмәмдады деген аттестат пен куәлік берілген. Бұл 1886 жыл еді, Әлекең мұнан кейін ірі саяси орталықтың бірі Омбы қаласындағы техникалық училищесін және Санкт-Петербург орман институтының экономика факультетін бітірген. 1894 жылы Әлихан Бөкейхан «Ғалым орманшы» және «Заңгер» деген қос дипломға ие болып, елге оралады.

Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18-томына автор ретінде қатысады. Ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан І-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Ол ұлыдержавалық өктемдік пен патшалық отаршылдыққа қарсы шыққаны үшін Семей, Павлодар түрмелеріне қамауға алынған. Бірінші орыс революциясы жеңіліс тапқаннан кейін Самара қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1911-1914 жылдары Ә.Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. «Қазақ» газетін шығаруға ұйытқы болды. (Алаш көсемдері ұлт рухын ояту үшін өз газетін саналы түрде «Қазақ» деп атаған).

Әлихан Бөкейханның тағы бір тарихи ерлігі 1905 жылы жаз айында өткен Қоянды-Ботов жәрмеңкесінде бас қосқан Ақмола облысының және Семей уезінің қазақтарының ортасынан өкіл сайлап, Ресей патшасы мен сенат атына атақты «Қарқаралы петициясын» дайындады. Бұл иісі қазақ халқының патшалық үкіметке қойған ең алғашқы саяси талабы болды. «Қарқаралы петициясына» барлығы 14 мың адам қол қойыпты. Петицияның авторлары Әлихан Бөкейхан бастаған Ахмет Байтұрсын, Жақып Ақбайұлы сынды қайраткерлер болды. Петиция авторлары патшалық өкіметтен дін-ождан мәселесіне қысым көрсетпеді қазақтардың ата-бабасынан мұра болып келе жатқан жерін қазақтардың өз иелігіне ғана беруді, ресми іс-қағаздарды ана тілінде жүргізуді, қазақ жастарына білім беруді талап етті.

Әлихан Бөкейхан: «Ұлы мәртебелі император ағзамға. Қытайдан Ауғанстанға дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатқан қазақтар өзінің бүкіл тағдыры мен өмірлік мүдделерін Мемлекеттің тағдырымен байланысты деп санайды және өзін басқа халықтармен тең праволы деп есептейді. Сіздің, патша Ағзам, халық сеніміне ие болған, лайықты адамдарды мемлекет билігіне қатыстырмақ ниетіңізді білуші едік. Демек, алты миллион қазақ халқын ерекше құқықсыз, заңсыз тобырға жатқызып қою қарапайым ғана әділдік пен ақиқатқа қиянат емес пе?

Біздің мал шаруашылығымен айналысатынымыз рас, мал бағып, көшіп жүретініміз де рас. Бірақ, кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөн-жосықсыз қаңғып жүрмейміз. Осы үшін ғана мемлекет билігіне сайлану сияқты аса маңызды саяси праводан айырылуымызды қалай түсінеміз?

Мал шаруашылығымен айналысты деп қазақты сайлау правосынан айырасыз, ал сауда істейтін, дикан, балықшы және басқа кәсіп иелерінің сайлау правосы сақталып қалғанын қалай түсінеміз? Шынында, Ресей империясының құрамындағы халықтар білімі мен мәдениеті жағынан әрқилы, солардың ішінде қазақтар алдыңғы орында емес екені рас, бірақ ең соңында да қалып отырған жоқ. Қазақтардың қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді орыс мұжықтарынан кем түсінетінін кім дәлелдеген екен? Оның бер жағында қазақтардан гөрі мемлекет билігіне көбірек араласуға мүмкіндік алған отырықшы бұратана елдерден біздің қай жеріміз кем? Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң-мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың тілегі мен қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді?

Алдияр, мынаған сеніңіз: біз, қазақтар осынау үлкен жұмысқа дайындығымыз басқалардан кем деп есептемейміз. Қалай дегенде де бізді әлдекімдердің танығысы келмейтініне жауапты емеспіз.

Жоғарыдағыларды айта келіп, патша Ағзам, Сізден басымызды иіп сұраймыз: Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз».

Петицияға Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды. Міне, Ресей императорына жіберілген петицияның толық мәтіні осындай еді.

Негізінде, Қарқаралы петициясының талаптары еліміздің бүгінгі мүдделерімен тығыз байланысты екені байқалады. Ондағы мәселенің бірі-қазақ тілінің тағдыры. Құжаттың 5-бабында ісқағаздарды қазақ тілінде жүргізу талабы, қазіргі тәуелсіз елімізде іс жүзінде орындалуда.

Халықтың бірлігі мен тұтастығы жолында жасалған Алаш ардақтысының тағы бір батыл қадам тарихта маңызы жоғары. Петерборда оқыған, Алаштың айтулы азаматтарының бірі, білімді заңгер Барлыбек Сыртанов тұңғыш рет 1911 жылы Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен «Қазақ елінің уставы» деген еңбек жазған. Ол жаңа заманға сай жазылған тұңғыш қазақ заңы болатын. Ол кезде Барлыбек Сыртанов небары 25 жаста болған. 1914 жылы қатты ауырып көз жұмған.

Аталмыш құқықтық құжатта қазақ елінің тәуелсіздігі мен мемлекеттік басқару нысаны, адам құқықтары мен жерді пайдалану негіздері нақты құқықтық нормалармен ұтымды өрнектелген. Қоғамдағы қатынастарды, даулы мәселелердің құқықтық принциптермен шешілетіндігі айтылған. Қазақ халқының мемлекеттілігі туралы: Мемлекеттің басқару нысаны Парламенттік басқаруға негізделгенін «Қазақ елінде ең басшы орыны-Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен откендер, Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды» деген нормамен белгіленген. Сондай-ақ құжатта закон шығаратын (парламент), орындайтын (үкімет), сот және т.б. заңға қатысты уставтар айқындалып көрсетілген.

Жалпы, «Қазақ елінің уставын» алғашқы Қазақ конституциясы деп атауға болады. Себебі, уставтың болмысы конституция тән. Ондағы нормалар іргелі құқықтық мәселелерді реттеудің бағыттарын белгілеп, ұлт пен мемлекеттің негіздерін қамтамасыз етуді қолға алған.

1917 жылы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаевтар Алаш партиясын құрып, желтоқсанда өткен осы партияның съезінде Ә.Бөкейхан Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланды. [1]

«Жер комитеті», «Сайлау құқы», «Қазақ халқына», «Қазақ депутаттары», «Мемлекет халі» («Қазақ» газеті, 1917, №227,228,30,34,265,236,237) секілді еңбектер жазған. Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық негізі, хұқық, дін иесі, билік һәм сот, билік қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі деген он түрлі қоғамдық мәселе туралы нақты тұжырымдарды демократиялық, еуропалық үлгіде көрсетіп берген, әсіресе қазақ жерінің автономиясын жариялаған, елді президенттің билеуін мойындаған, жердің сатылмайтынын әйгілеген Алаш партиясы

бағдарламасын жазды. [2].

Қазақ халқының арасынан табиғи дарынды жоғарғы білімді, ұлт болашағы үшін аянбай еңбек етіп, күрескен ұлт жандылардың бірі Ә.Бөкейхан болды. Ғылыми зерттеушілікке, жер мәселесіне, қоғамдық саяси қызметінің бір қыры ретінде кеңестік оқу-ағарту саласына (білім беру мәселесіне) белсене қатысқан.

Көптеген еңбектерде, Әлихан өз заманының аса білімді де білгір, парасатты, терең ойлы, ірі қайраткері болған. Темір құрсау салынған біздің еліміздегі емес, шетел ғалымдары мен тарихшылары Әлихан Бөкейханның қайраткерлік және шығармашылық қызметін ертеден-ақ жан-жақты зерттеп, оны Шығыстың шын мәнісіндегі ұлы тұлғасы деп танып баға берген. Кейін мәлім болып отырғандай, өткен ғасырдың 80-ші жылдары жарық көрген Америка тарихшысы Марта Олкоттың «Басмашылар немесе Түркістандағы 1918-24 жылдардағы азаматтық көтеріліс» және «Қазақтар» деп аталатын еңбектерінде Әлихан Бөкейханның 1917-1926 жылдар арасындағы қайраткерлік қызметіне лайықты баға берілген екен. Автор өз еңбегінде большевиктер тарапынан жасалған қанды қырғын, қатал жазалау, бәрінен бұрын қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен алаш көсемдеріне қарсы бағытталғанын анықтап, ашық көрсетеді.

Алаш көсемдерімен бірігіп Әлихан Бөкейхан да қалың қазақты оятты. Оянған қазақпен бірге саяси азаттыққа жетуді арман етті. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылдары екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейханның зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Ақырында саяси күрестен баяғыда бас тартып, тек ғылыми жұмыспен айналысқанына қарамастан сталиндік билік оны 1937 жылы тағы да тұтқынға алып, 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесті. Сөйтіп, қазақтың ХХ ғасырдағы көрнекті қайраткері Әлихан Бөкейхан көзі тірі кезінде патша түрмесін де, большевик-коммунистердің де түрме-қапасын көріп, екі үстемдік-отаршылдықтың зардабын тартты. Ақыры сол жендеттердің қолынан мерт болды.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының ғасыр ширегіндегі ұлы жетекші-көсемі Әлихан Бөкейхан өз елі үшін аянбай сол кезеңдегі қазаққа да еркін ойдың, ұлттық сананың оянуына зор ықпал етіп, ел шежіресінде елеулі із қалдырды.

Халқының жанашыры, ел көсемі Әлихан жас кезінен-ақ халықтық мәселелерді, ел болашағын түптеп ойлап, түбірлей қам жеген. Әлекеңнің осы қасиеттері әлем классикасының алтын қорына қосылған «Абай жолы» романында да шынайы сипатталған. [3].

Алаш көсемдерінің түпкі стратегиялық мақсаттары – қазақ елінің дербестігі, тәуелсіздігі екені ақиқат. Сөйтсе де, олар бұл мақсатқа революциялық қантөгіс пен өзара қырқыс жолымен емес, эволюциялық жолмен жетуді ойластырды. (Бұл тұрғыдан алғанда Алаш көсемдері үкіметті күшпен, қантөгіспен басып алып, артын ағасы інісін, баласы әкесін өлтірген азамат соғысына айналдырып жіберген Ресей большевиктерінен гөрі терең де зерделі, өз халқына жаны ашитын жанашыр, көреген қайраткерлер болғаны анық.

Алаш арыстары жалпы адамзат мұратына қызмет етті, өз елінің игілігі үшін жандарын пидакылды.

Асылдардың асылы өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпай батырлықпен тек халық мүддесі үшін күрескен Әлихан Бөкейхан -біздің ұлттық мақтанышымыз.

Ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер халық жадында мәңгі сақталар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өзбекұлы С. Барлыбек Сырттанов /қазақ тарихи, 1996, № 5
2. Н.А.Бейсенбекова, З.Ф.Сақтағанова, Л.Қ.Шотбақова, Қ.С.Өскембаева, Ю.В.Баер. Сарыарқаның ұлы азаматтары. Қарағанды 2008.
3. Рымғали Нургали. Алашординцы. Алматы 2004.